



Мұнайлы ӨЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№05 (115), мамыр-маусым, 2019 жыл

В центре внимания

ВЫБОРЫ-2019: ВЫСОКАЯ ЯВКА ИЗБИРАТЕЛЕЙ

9 июня состоялись внеочередные выборы Президента Республики Казахстан: на пост Главы Государства претендовали семь кандидатов. Среди тех, кто в этот день выбрал свое будущее, были и тысячи нефтяников акционерного общества «Мангистаумұнайгаз».



Стоит отметить, что еще задолго до дня голосования при акционерном обществе был специально создан штаб по организации и проведению внеочередных выборов Президента Казахстана, который возглавил первый заместитель Генерального директора Калбай Измуханов. К работе штаба были привлечены руководители и работники производственных управлений и департаментов, а также молодые нефтяники из Каламкаса, Жетыбая и центрального аппарата, на их плечи и легла основная нагрузка. Молодые специалисты Елтай Турбергенов, Сакен Кылышбаев, Тимур Галиев, Райымбек Тузелов, Айбек Журымбаев, Едил Бекмуратов, Анар Нугманова, Жандос Кыстаубаев в течение нескольких недель формировали списки избирателей, выясняли, кто из вахтовиков

9 июня работает, а кто будет находиться дома, занимались организационными вопросами, объясняли нефтяникам, где находятся избирательные участки, порядок очередности голосования и т.д. Это была, возможно, рутинная, но от этого не менее значимая работа, с которой ребята справились мастерски.

Итак, из 1111 работников производственного управления «Жетыбай мұнайгаз» свой гражданский долг исполнили 99,5% сотрудников.

Не менее высокая явка была показана и на месторождении Каламкас, где нефтяники работают вахтовым методом. На месторождении были развиты два избирательных участка, составлен удобный для всех поэтапный график

голосования: нефтяники спокойно могли воспользоваться своим конституционным правом, при этом не в ущерб производственному циклу, все-таки нефтедобыча – это непрерывный процесс.

Примечательно, что в день проведения выборов на Каламкасе, после капитального ремонта была открыта столовая, и нефтяники по достоинству оценили новую точку общепита.

Отрадно, что именно в этот исторический момент у нас открывается новая столовая, – говорит работник ПУ «Каламкасмұнайгаз» Садуакас Аймуратов. – Я уже успел здесь пообедать, столовая просторная, светлая и чистая, пища тоже была очень вкусная, большое спасибо работникам столовой.

Что касается непосредственно выборов, то, по словам заместителя

– На Каламкасе во внеочередных выборах Президента Республики Казахстан, приняли участие почти 3000 нефтяников, причем это не только работники АО «Мангистаумұнайгаз», но и сотрудники всех сервисных компаний (ТОО «OSC», ТОО «Мунайтелеком», «МЭМ» и т.д.), а также работники из соседних месторождений (СП «Арман» и др.).

Слесарь-ремонтник ПУ «Каламкасмұнайгаз» Ахан Мудебаев, одним из первых пришел на избирательный участок, чтобы воспользоваться своим правом волеизъявления:

– Я уже второй раз участвую в выборах Президента Республики Казахстан, – говорит Ахан Мудебаев. – Мы не только выбираем Президента, но и выбираем свое будущее. Отрадно, что



начальника ПУ «Каламкасмұнайгаз» по социальным вопросам Мурата Батыршаева, голосование на месторождении было организовано на высоком уровне, и каждый нефтяник смог исполнить свой гражданский долг:

нефтяники очень активно участвуют в выборах и пользуются своим конституционным правом. Я верю и надеюсь, что Казахстан ждет светлое будущее.

По итогам голосования на месторождении Каламкас явка на выборах среди работников АО «Мангистаумұнайгаз» составила 99,8%.

В целом из 4036 нефтяников АО «Мангистаумұнайгаз» в голосовании приняли участие 4012 человек (таким образом, явка на выборах составила 99,4%, такой результат был зафиксирован уже к 17:00 местного времени!).

Таким образом, практически все работники Общества исполнили свой гражданский долг и проголосовали на выборах Президента Республики Казахстан. Нефтяники не остались в стороне от важного для всех казахстанцев события: 9 июня – это историческая дата и участие в выборах, – это наше участие в Истории!



Компания тынысы

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАСШЫЛЫҒЫ – «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗДА»

Мамырдың 28-29 күндері «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Маңғыстау облысындағы екі күндік іссапары барысында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік нысандарды жұмысымен танысты.



Алдымен өңірдегі КМГ тобының барлық еншілес және сервистік кәсіпорындар басшыларымен жиналыс өткізген Басқарма төрағасы әлеуметтік тұрақтылық пен өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау ережелерінің сақталу мәселелеріне тоқтады. Сервистік компания басшыларына осы бағыттағы жұмысты күшейтіп, ұжымдарда түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуді тапсырды.



Жұмысы топтың «Асар» кенорыны сапарында жетібайлық мұнайшылардың жұмыстан бос уақытта демалатын сауықтыру орталығын аралаған А.Айдарбаев вахталық қалашықтың жұмысшыларына арналған жаңа үлгідегі жатақхана құрылысының алғашқы кірпішін қойды.

Алик Айдарбаев Қаламқас кен орнына сапарында №8237 апаттық ұңғыманы жою жөніндегі жұмыс барысын қадағалап, мұнай дайындау қондырғысының құрылысын, сондай-ақ жанғырту және күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан асханаларды аралады. Қаламқас әулиенің басына зиярат етті.

Рамазан айымен тұспа-тұс келген іссапар барысында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Басқармасы атынан Ақтау қаласы мен Шетпе кентінің тұрғындарына ауызашар берілді.

«Ақтау Palace» мейрамханасында өткен ауызашарда 2017 жылы көлік апатынан зардап шеккен Жаңаөзен қаласының тұрғыны 10 жасар Динара Тынымбаева да болды. Апат салдарынан екі аяғынан айырылған Динараға бастылықтың шешімімен «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы протез салу үшін 16,5 млн теңге қаражат бөліп, қайырымдылық жасады. Рамазан айында сүрінгенге сүйеу болып, қиналғанға қолдау көрсеткен қайырымды азаматтардың бұл әрекетіне көпшілік шексіз риза болды.

Барлық нысандарда еңбек ұжымдарымен кездесу өтіп, ол жиындарда А.Айдарбаев қызметкерлердің барлық ұсыныс-тілектерін тындап, толғандырған сұрақтарына жауап берді.



Марапат

БІЗГЕ АРТЫЛҒАН ЗОР СЕНИМ

«СЕНИМ-2019» республикалық байқау нәтижелері бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» номинациясы бойынша 1-ші орынды иеленді.

2019 жылдың 22-24 мамыр күндері Нұр-Сұлтан қаласында еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша IX-шы «СЕНИМ» халықаралық конференциясы өтіп, жұмыс берушілер арасындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша байқау жеңімпаздары марапатталды.

Республика деңгейінде өткен байқауда «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» номинациясы бойынша 1-ші орынды иеленген «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік Қоғамы ерекше аталып, компания бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Измуханов «Еңбекті

қорғау жөніндегі үздік маман» төсбелгісімен және дипломмен марапатталды.

Әріптестерімізді жұлдемен құттықтай отырып, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Бауыржан Ләтіп басқарған ұжымды 2018 жылы компания нысандарында өндірістік жарақаттануға жол бермей, табандылықпен атқарған еңбектерінің арқасында қол жеткізген жеңісімен құттықтаймыз!

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің ұжымы



АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ АЛҒАНДАР ОСПАН ЕҢСЕГЕНОВ



Қаламқас мұнайын алғашқы игерушілердің бірі Оспан Еңсеғенов – аргы ата-бабалары да, бергі әке-аналары да ешқайда көшпеген-қонбаған, осы Маңғыстаудың қасиетті Қаройында халық қатарлы ғұмыр кешіп, ел қатарлы еңбек еткен түбектің төл перзенті. Туған жері – Таушық. 1956 жылы 8 сәуірде жарық дүниенің жамалып көрді. 6 жасында әкесінің жұмыс бабымен Жетібай елді мекеніне көшіп келді. Әкесі Еңсеғенов Ләтіп – халық аузында «Қырымқұлдан қырық бір шыққан. Ең кішісінің өзі тоқтылы қойдың төрелігін айтқан» делінетін Бәйімбет Қырымқұл ауылының азаматы. Кезінде Таушықтағы жинақ банкінің бастығы болды. Артынан «Өндіріске қошемі», - деп, Жетібайға қоныс аударды. Бұл 1962 жыл, Жетібайда мұнай қозғалып жатқан кез. Ләтіп ақсақал осындағы мұнай мекемесінде жоспаула болымын бастығы болып жұмыс істеді. Оспан сол жерде мектепке барды. Балалық бағдары осы жерде өтті. 8-классты бітіргеннен кейін әкесінің жұмысы «Маңғыстаумұнайгазды» басқармасына ауысып, облыс орталығына көшіп келді. Онжылдықты Ақтаудан аяқтады. Анасы Айтбатырова Мақпал 16 жасынан еңбекке араласып, Таушықта жүргенде аудандық партия комитетінде хатшы болып қызмет еткен, кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қасир болып жұмыс істеді. Үстіміздегі жылдың ақпан айында 86 жасында дүниеден өтті. Оспанмен бірге туған қарындасы Қалжан – Штепедегі Ашын Меңдалиев атындағы орта мектептің директоры.

Оспан 1974 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне түсіп, 1979 жылы бітіріп шықты. Бұл – Қаламқастың жанадан игеріліп басталған кезі. Институтты бітірген бойда сол жылдың 10 қарашасы күні 5 жыл бірге оқыған жолдас жігіті марқұм Марат Жүсіпов екеуі бірден жолдамамен Қаламқасқа келді. Олар келгенде кең орында бар болғаны он шақты ұнғы ғана бар екен. Әуелі Кошербай Әлібаевтың бригадасына мұнай өндіру операторы болып жұмысқа қабылданды. Алты айдан кейін ауысым шебері болды. Қаламқасқа бірінші вахтаға барған кезін Осекең былай деп жадында жаңғыртты:

«Ең алғашқы күні Жүсіпов Марат, Жұмағалиев Әлі үшеуіміз бір автобуспен бірге бардық. Ол кезде мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары атықты геолог ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы Шалабаев Саламат ағамыздың інісі Шалабаев Құсайын деген кісі еді. Ол кісі кесек тұрайтын, өте мәрт міндетті адам болатын. Кезінде Өзен кең орында бұрғылау басқармасының бастығы болып жүргенінде күнде апат болып, сондай оқиғалар жиілеп кеткен соң бас инженер орынбасарларын жұмыстан шығаратын болғанда ол қателіктердің мұның қызметіне ешқандай тікелей қатысы болмаса да: «Қой, ол жігіттерге тиіспейсің, әлі де өссін, көтерілсін. Одан да мен кетейін», - деп, өз еркімен арыз жазып, қызметтен кетіп қалған азаматтығын жұрт әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. Сол Құсайын ағамыз Қаламқастағы жатақхананың комендантына звондап: «Мына жігіт – менің балам. Соған

дұрыстау орын тауып берсеңіз», - деп тапсырған. Күсекең айтқанын, жан қала ма, обалы не керек, комендант зыр жүгіріп қызмет қылды. Сол күні бастықтар келмей қалған екен. Солардың орнына Марат екеуімізді жатқызды. Жоғарыда тағы да үш орын бос екен. Бір мезгіле: «Нім, қасына тағы бір кісі қосайын ба?» - деп келіп тұр. «Мейлі, қоса беріңіз, маған бәрібір», - дедім мен. Сосын қасымызға Жұмағалиев Әлі ағамызды әкеліп жатқызды. Ол коменданттың ауылдасы екен. Өлекең ол кезде әскерге барған, әскери шені бар, өмір көрген, өзі де тұрғалы, жасы 35-терден өтіп, қырыққа жақындап қалған, бізге қарағанда сақалау жігіт. Содан үшеуіміздің әңгімесі жарасып, түнімен әңгіме айтып, жақсы сөйлесіп кеттік. Кейін үшеуімізге бір бөлмеден орын бұйырды. Әлі ағамыз әскерден үйреніп келгені көп, қолынан келмейтіні жоқ, суретшілігі де бар, жазуды да әдемі жазды. Бізді – Марат екеуімізді мұнай өндіруге жіберді де, оны ЦППН-ге – кешенді мұнайды дайындау және өткізу цехына бөлді.

Өлекең әскери адам ғой. Тазалық пен тәртіпті сүйетін. Ол уақытта 12 метрлік биік резервуардың төбесіне шығып, арнайы өлшеуіш аспапты салып, «20 см болды», «22

тым жақсы қылып «Қызыл бұрыш» жасап қойдым. Соның бәрін өзімізше көзге түсейік, көрінейік деп жүрген ештеңеміз жоқ, таза жан дүниемізбен, шынайы ынты-шынтымызбен жасап жүрміз. Әйтпесе, ол үшін бізге ешкім де ақша төлеп немесе алғыс айтып жатқан жоқ. Кешке асханаға тамақ ішуге келген жұмысшылар бұл өзгерісті көріп, әуелгіде шошып кетті Артынан антарылып біраз қарап тұрды да, сосын бәрі келіп: «Ма-а, мынадай да болады екен ғой», - деп, қызықтай бастады. Сөйтіп, қоғамдық қызметімізді бастап кеттік. Кейін сол жерді жиналыс жасайтын орынға айналдыдық», - дейді ол.

Оспан Көшекеннің вахтасына қарама-қарсы, ол кісінің бригадасын алмастыратын ауысмады басқарды. Екеуі 7 күн сайын ауыстатын. Кейін оны мұнай айдау және дайындау цехына жіберді. Бес жыл бойы табан аудармастан Қаламқаста мұнай өндіру шебері болып жұмыс істеді. Облыстық, республикалық газеттердің бәрінде де, тіпті Мәскеуден шығып, бүкіл Кеңестер Одағына тарайтын «Огонек» журналына да Қаламқастың мұнай алу сәті бейнеленген суреттеріне дейін жарияланып (сол газеттердің қиындылары Осекеңнің үйінде



сұл болды» деп, екі сағат сайын майдың мөлшерін өлшеп тұрады ғой. 10 см-дей түсіп кетсе, «Ойбай, мұнай келмей қалды, не болды, бір жері жарылып кеткен жоқ па?» - деп, ана жаққа хабар беріп, іздеу салып жатады. Күнде кешке ішке келесін: «Не жаңалық? Бүгін не істедіңдер?» - деп, бір-бірімізден хабар сұраймыз ғой. Өлекең: «Ой, атана нәлеттер, көбі салдыр-салақ, рүлетті май-май, кір-кір қылып алып келеді де, тастай салады. Солардың бәрін топырақпен ысықылап тазалаймын», - деп кішіні, ренжіп отырады. Солярқаға салып, құммен ысықылап тазалағанын, өлшеуіш құралдың цифрлары өшіп, кетіп қалады ғой. Егер 5-10 сантиметрден шатасса, бөленбай тонна мұнай жоқ деген сөз. Өлекеңнің онда шаруасы жоқ. Оған ең бірінші тәл қана тазалық керек. Жұмысты жана бастаған кезімізде сондай-сондай қызықтар болды. Кейін ол кісі Қаламқаста ЖЭК-тің бастығы болды», - деп күле отырып еске алады ол.

Оспан Еңсеғенов – сол кездегі «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында алғаш құрылған бастауыш комсомол ұйымының тұңғыш жетекшісі. Ол бұл міндетті негізгі жұмысына қосымша қоғамдық қызмет ретінде қоса атқарды.

«Біз барған кезде Қаламқаста сол кезде саяси үлкен үгіт-насихаттық мәнге ие «Красный уголок» – «Қызыл бұрыш» жоқ екен. Бұрынғы «Қызыл бұрышты» орыстар арақ ішіп отыратын орынға айналдырып, әбден бүлдіріп, талқанын шығарып тастапты. Кезекпен ауысқан кезде кейде түнде жұмыс істеп, күндіз демаламыз ғой. Сондай бір күні Өлекең екеуіміз әлгі жерді жақсылап жинап, тазалап, жуып, сүртіп, әбден дайындап, сосын үстел қойып, баяғы коменданттан қызыл мата сұрап алып келіп, үстіне жауып,

Жаңадан оқу бітіріп келген кілең қылқандай жас жігіттердің Көшекеннен үйренетін нәрсесі көп еді. Ол кісінің бір жақсы қасиеті – топтық қондырғылардың басын өте әдемі, әсем қылып жасай білетін. Жұмыстан кейін қызметкерлер жұынның-шайынатын монша салдырды, оның айналдасын көркемдеп, көрер көзге тымсайлы қылып қоятын. Қаламқаста ең бірінші болып «парилка» салған да – осы Көшекен мен Оспанның бригадалары.

Қаламқаста еңбек еткен кезінде Осекеңе тікелей ұстаз болмаса да, өзінен үйренері көп сан қырат азамат ретінде көптеген жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, ерекше есінде қалған бір адамы – С.Л.Зневорский.

«Станислав Зневорскийдің ұлты поляк болғанын ба, біздің қазақтарға қарағанда уақытты өте тамаша үнемдей білетін. Шыққан шілденің күнінде біз автобуспен салдырып түскі асқа кетеміз. Ол алыстағы асханаға бармайды. Көктемнің кезінде жұмыс орнымыздың қасындағы шағын жерге жуа, картоп, сәбіз сияқты көк-сөгің етіп қойған. Күн сайын жұмыс арасында олай өтіп-былай өтіп бара жатып, соларға суың құйып кетіп жүретін. Түске таман суың қайнатып, сорпаңын асып қояды. Жұрт жиналып, түскі асқа кетейін деп жатқанда ол суп істеп жатады. Біз келгенше тамағын ішіп, тынығып алады. Қазекендер ырсылдап жердің түбіне барып, асын ішіп келгенше ол бір сағат мызғып, демалып алып отырады.

Ал скважиналардың басын тексеріп, қарап келуге – «обходка» кетіп бара жатқанда қолында бірде-бір құралы болмайды. Мониторинг қылып, күретін, кілт-қашақтарын алдын-ала жол бойына бір жерге апарып, тығып қойған. Жолай соларды алады да, пайдаланып болғасын, қайтадан орнына тастап кетеді. Біз сияқты туу жердің түбіне әр барған сайын құрал-сайманы арқалап жүрмейді. Сондай артық күш-жігер жұмсап, араптер болмайтын, аса ақылды адам еді. Алда-жалда ұнғының бір жері тесіліп немесе бірденесі кетіп, бұзылып қалса, апаттық жөндеуші ретінде бара қалса, қазекендер дыр еткізіп, бір нәрсені бұрай салады да, бес минуттан кейін қайтып келеді ғой. Ал ол барған жерінде ең кемінде екі сағаттап айналады. Жалғайтын нәрсені жалпап, түсіп қалған затты орнына қойып, жөндейтын жерді жөндеп, дәнекерлейтін жерін дәнекерлеп, нөмірі кетіп қалған жерін нөмірін жаздыртып, әйтеуір не нәрсе істелмей қалған, қай жерді не істеу керек – түгел жұмыстың барлығын бітіріп, біратала бір-ақ келеді. Енді қайтып ол жерге бармайтын қылып, біржолата бәрін тиянақтап жасап шығады. Ал басқалар тек ақауы бар нәрсені ғана жөндейді де, шығып кетеді ғой. Арада біраз уақыт өткен соң бірденесі кетіп қалса, сол жерге тағы қайталап барып жүреді. Міне, сондай мұқият, еңбеккер, жауапты адам еді ол кісі. Сол кезде ол – бізден 15 жастай үлкен адам. Бала кезінде соғмыс уақытында Украинада аяғынан жарақат алған. Картоп теріп жүргенде снарядқа тап болып, жарықшағы тиген екен.

Бір күні «обходка» келе жатсақ, жолда майға батып, құлағы ғана қылтып бір күрішке ыдыс көрініп жатыр екен. Соны майын сілкіп-сілкіп, ішке алып келді де, ол кезде өндірісте АИ-93 бензин жеткілікті ғой, сонымен жақсылап тұрып бірнеше рет жуып, кетіріп қойғаннан кейін тағы да жуып, жарықтары тазалан алды да, біраздан кейін шөй ішуге пайдаланды. Сол күрішкемен кейін менің өзім де талай шөй іштім. Талай жаңа қолғаптарды бір-екі рет пайдаланамыз да, майға, сырға батқасын лақтырып тастаймыз ғой. Ол соның бәрін жинап алады да, жарыт шелек жанармай сұрап алып, соған салады. Бояуы, майы кеткеннен кейін қайтадан сумен жуады да, кетіріп, тәртіпін жинап, сейфке салып қояды. Сондай қолы ұсынақты, артық ысырап пен шашпалыққа, салаттыққа қаны қас адам еді. Оның шафаны ашып қалсаң, өте бір әдемі тәртіпін бүктеліп жиналған, тазаланған бума-бума қолғаптарды, қаз-қатар тізіліп ілінген кілттерді көретіңсің.

(Басы. Жалғасы келесі санда)



ЛУЧШИЙ ПО ПРОФЕССИИ - 2019

ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ – ГОРДОСТЬ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»!

В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» поведены итоги традиционного конкурса «Лучший по профессии». В этом году заявки на участие подали 109 человек. За престижное звание лучших в своем деле боролись операторы по добыче нефти и газа, слесари-ремонтники, операторы по поддержанию пластового давления, электрогазосварщики, токари, операторы по исследованию скважин и лаборанты химического анализа.



Сам конкурс проводился в два этапа. Первый – это проверка теоретических знаний в ходе тестирования участников, необходимо было за один час ответить на 50 вопросов. Это вопросы на знание названий профессии, функциональных обязанностей, правил техники безопасности и охраны труда. Критерии отбора весьма строгие: в следующий тур проходил только те, кто дал как минимум 45 правильных ответов.

Второй этап – практический, в этом году он проходил на базе ПУ «Жетыбаймунайгаз». Здесь уже оценивается уровень практического мастера конкурентов. Например, операторы по добыче нефти и газа соревновались в конкурсе на замену сальникового уплотнения, слесари-ремонтники – производили разборку-сборку

задвижки, а электрогазосварщики – выполняли сварное соединение трубных концов диаметром 114 мм 8 миллиметров. У каждого представителя профессии – свое конкретное задание. За всеми видами работ внимательно наблюдали беспристрастные члены конкурсной комиссии: при этом они оценивают не только качество исполнения задания, но и скорость, соблюдение правил техники безопасности и даже культуру рабочего места. За протект отдельных операций, нарушение правил безопасности или неумелое обращение с техникой начисляются штрафные очки.

И вот, наконец, по итогам двух туров экспертная комиссия объявляет имена победителей.



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Оператор по добыче нефти и газа»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Оператор по исследованию скважин»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Оператор по поддержанию пластового давления»




Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Лаборант химического анализа»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Сварщик»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Токарь»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Электрогазосварщик»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Оператор по поддержанию пластового давления»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Токарь»



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Сварщик»



Итак, конкурс «Лучший по профессии» завершен, он дал возможность участникам раскрыть свой потенциал и показать лучшие качества, а его главными героями стали – люди труда – работники, посвятившие себя профессии нефтяника. Для всех участников конкурса, в течение календарного года установленная ежемесячная фиксированная доплата, а его победители будут защищать честь родного коллектива теперь уже в конкурсе «Лучший по профессии» национальной компании «КасМунайГаз», который пройдет осенью текущего года.

Есаиыр Султанов



Победители конкурса «Лучший по профессии» в номинации «Сварщик»

ҚОҒАМ

ҰЙЫМДАСҚАН ҰТАДЫ

Кәсіптік одақ қызметі – әрбір қызметкерге жұмыс беруші тарапынан үлестіріліп отырған игіліктердің себепшісі. Осы орайда, тақырыптың өзектілігі мен жаңа ұжымдық шарт жасасу мерзімінің жақындағанын ескере отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Тарғын Нұралыұлы Мысамбаевты әңгімеге тарттық.



- Қайырлы күн, Тарғын Нұралыұлы! Кәсіподақ қызметіне терінен бойлағанын бұрын, «кәсіподақ деген не?» деген басты сұраққа қысқаша анықтама беріп кетсек.

- Қайырлы күн, Ғани! Кәсіподақ сөзінің анықтамасы әр жерде әртүрлі беріледі. Дегенмен, нақтысы ҚР Кәсіптік одақтар туралы заңында көрсетілген. Ол жерде кәсіптік одақтар (кәсіподақтар) – өндірістік-салалық қағида бойынша өздерінің кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін азаматтар ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктер деген анықтама беріледі. Жалпақ тілмен айтқанда, ниет білдірген қызметкерлерді біріктірген, өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылатын ерікті мүшелік ұйым; азаматтардың еңбек қатынастарында, жұмыс берушімен арада туындайтын сан түрлі мәселелерде жұмысшы мүддесінің қорғалуын қамтамасыз етуші өкіл. Қысқа қайырағанда міне осылай!

- Яғни, Кәсіподақтар жұмыс берушінің емес, жұмысшының мүддесін көздеп, жұмысшы үшін неғұрлым тиімді еңбек шарттарын ұйымдастырумен айналысатын екі тараптың арасындағы делдал болды ғой...

- Иә, солай деуге де болады, тек делдал емес, өкіл десек дәлірек болар. Өйткені, кәсіподаққа мүше болған әрбір азамат Кәсіподақ ұйымына жұмыс беруші алдындағы өкілеттілігін сеніп тапсырады. Содан кейін ғана біз жұмыс беруші алдына жұмысшы атынан қандай да бір талаптар қою құқығына ие боламыз. Ал бұл қызметтің нәтижесінде қол жеткен әрбір игілік ұжымдық шартта рәсімделіп, оның орындалуы екі тарапқа да Қазақстан Республикасы заңнамаларымен міндеттеледі.

- Түсінікті. Ұжымдық шарт дегізіңіз, осы ұжымдық шарт пен жалғыз аян еңбек шартының қандай айырмашылығы бар? Екі шарт жасамай, сіз баяндаған мәселелердің бәрін сол еңбек шарты шеңберінде келісе болмайды ма?

- Осы жерде бір мәселені жіті түсініп алулары керек. Жұмыс берушінің жұмысшы алдындағы міндеттері Еңбек кодексіне және тағы сол сияқты басқа заңнамалық құжаттарда айқын белгіленіп, минималды көрсеткіштер ғана бекітілген. Еңбек шартында, аты айтып тұрғандай, сол Кодекс негізінде туындайтын минималды міндеттер мен құқықтар, яғни жұмысшының жұмыс уақытын бекіту,

айлық жалақысы, заңнамамен қарастырылған төлемдердің шарттары секілді т.б. мәселелер ғана баяндалады. Бұл жалпыға ортақ, міндетті құжат. Ал ұжымдық шарт, тек кәсіподақ мүшесі ретінде ерікті түрде тіркелген қызметкерлер атынан олардың өкілі ретінде әрекет ететін кәсіподақ ұйымы мен жұмыс беруші арасында жасалатын шарт. Ол жерде сол минималды талаптарды жұмысшылар үшін мейлінше тиімді көрсеткішке дейін өсіріп, кейде тіпті заңнамаларда бекітілмеген мәселелерді де жұмысшы мүддесіне орайластырып, шешімін тауып отырады.

- Рәқмет! Өте қарапайым, түсінікті жауап бердіңіз. Демек, бүгінгі күні Компания қызметкерлерінің ұжымдық шарт негізінде алып жүрген жеңілдіктері мен қосымша төлемдері, мәселен жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кезінде Компания тарапынан төленетін денсаулық жағдайын жақсартуға арналған жәрдемақы Кәсіподақ қызметінің жемісі, солай ма?

- Иә, дәл солай және тек бұл емес қой, жалпы ұжымдық шартта жұмысшы



ұжымдық келісімшарт жасалған кезде кәсіподақта мүшелігі жоқ қызметкерлер оның жемісін жеуден аластатылуы мүмкін. Өйткені мұндай қатынас, ең азы, жарна төлеп отырған кәсіподақ мүшелеріне деген әділетсіздік, қиянат. Сондықтан кәсіподаққа мүшелікке тіркелмеген әріптестерімізді осы бастан қатарымызға қосылуға шақырамыз.

- Тамаша, кәсіподақ қызметінің көкжиегі жаңа айқындалып келе жатқандай... Енді ұжымдық шарт шеңберінде жасалатын әлеуметтік қолдау туралы сөз тартатсақ...



пайдасына қарастырылған әрбір игілік Кәсіподақ қызметінің бір жеңісі, олардың әрбірінің артында ондаған сағат келіссөздер мен кәсіподақ аппаратының маңдай тері, табанды еңбегі жатыр десем артық айтқандым болмас. Олардың ешбірі жұмыс берушінің тікелей міндетіне кірмейді.

Осы жерде тағыда бір мәселені нақтылай кеткенді жөн көріп отырмын. Кәсіподақ, заңда көрсетілгендей, мүшелік ұйым. Яғни, кәсіподақ ұйымы жетістіктерінің игілігін көру үшін сіз міндетті түрде оған мүше болып тіркеліп, жалақыңыздан 1 пайыз көлемінде мүшелік жарна төлеп отыруыңыз керек. Ол қаражат та кәсіподақ жарғысына сай кәсіподақ мүшелерінің мүддесіне жұмсалады. Енді мынаны қараныз, бүгінгі таңда Компанияда төрт мыңнан астам қызметкер бар, оның үш мыңнан астамы жарнасын уақытылы төлеп отырған кәсіподақ мүшесі болса, сегіз жүзге жуығы кәсіподақ мүшелігінде жоқ адамдар. Дегенмен, кәсіподақ қызметінің тікелей жемісі болып табылатын ұжымдық шарт қызығын сол мүшелікте жоқ қызметкердің бәрі еш тартынбастан, қысылмастан көріп келеді. Бұны кәсіподақ тарапынан, Компания басшылығы тарапынан жасалған кенпейілділік деп қабылдамай деіміз. Алайда, судың да сұрауы бар дейді. Ендігі

Ұжымдық шарт шеңберінде Кәсіподақ ұйымы еңбек ақы төлеу мәселесінен бастап, гендерлік саясат, кәсіби даярлық сынды бірнеше бағыттар бойынша әрекет етеді. Солардың ішіндегі ең маңыздылары, менің ойымша, ол қызметкерлерге берілетін әлеуметтік кепілдіктер, өтемақылар мен жеңілдіктер және қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау қағидалары.

Адам өмірінен қымбат еш нәрсе жоқ! Сондықтан біз қауіпсіздік талаптарының сақталғанын екі тараптан да қатаң талап етеміз. Жұмыс берушіге бұл мақсатта арнайы қаражат қарастырып, қауіпсіздік талаптарының жоғары стандарттарын енгізуді жүктесек, қызметкерді сол талаптарға сай болып, біліктілік арттыру жұрттары мен жаттығуларынан өтіп, тиімді еңбек етуге үгіттейміз. Мәселен, соңғы төрт жылдан бері мұнайгаз кәсіпшіліктері арасында қауіпсіздік талаптарын орындау бойынша сайыстар өткізіп, үздік көрсеткішке қол жеткізгендерін сыйлықтарымен марапаттап келеміз. Қызметкерлерге қызметтік міндеттерін атқару үшін берілетін жұмыс киімдерінің сапасы мен уақытылы ауыстырылып тұруын қадағалаймыз. Кенорында зиянды не қауіпті жағдайда қызмет ететін

әріптестерімізге қаржылай үстемалы ұйымдастырлық. Осының бәрі өз кезегінде жұмысшы еңбегін қауіпсіз ете түсуге үлесін қосып келеді деп сенемін.

Ал әлеуметтік кепілдіктер туралы айтар болсақ, ол негізі өз алдына бір тақырып. Жалпы, ұжымдық шарттың осылай аталатын 9-тарауы жұмысшының жаңуылық өмірінде бастан кешуі мүмкін сан түрлі оқиғаларды қамтиды – отау құрып, дүниеге бала келуінен бастап, баланы балабақшаға, мектепке баруы, жазғы демалысын ұйымдастыру, жоғарғы оқу орнының ақысын төлеу, көпбалалы отбасыларға қамқорлық жасау, қызметкердің өзінің денсаулық күтімі, мерекелік сыйақылар, тағысын тағы, қаражатқа шаққанда, ең аз дегенде 250-300 АЕК көлеміндегі төлем қарастырылған. Құдай бетін аулақ қылып, қайғылы не жазатайым жағдайларда көрсетілетін көмек өз алдына.

Осындай қолдау ұжымдық шарттан бөлек кәсіподақ ұйымының жарғысы негізінде оның мүшелерінен жиналған жарна есебінен де көрсетіледі. Мысалға, 2018 жылдың қортындысы бойынша кәсіподақ бюджетінің «Қайырымдылық көмек» бабы бойынша 1771 адамға 59 млн. теңге қаражат жұмсалды. Жалпы, кәсіподақ ұйымы қай кезде де өз мүшелерінің мүддесін қорғауға, тіпті ұжымдық шартта да, жарғыда да қарастырылмаған көмек түрлерін де ұйымдастыруға дайын. Біздің сұрауымыз тек мүшелеріміздің белсенділігі. Олар да өз құқықтарын жетік біліп, орынды пайдаланса, кәсіподақ қызметіне етене араласып, шамасы жеткен жеріне дейін қолғабыс етсе, ұйымдаса бісек, әлі де ұтарымыз көп деп сендіргім келеді.

- Бәрекелді, рақмет! Біраз мәселенің басын ашып, өзекті тақырыптар тоңірегінде дүкен құрдық. Енді бір мәселе, биыл желтоқсан айында келесі үш жылдықтың ұжымдық шарты жасалады. Одан қандай өзгерістер күтуге болады?

- Иә, дұрыс айтасыз. 2016-2019 жылдарға арналған шартымыздың мерзімі шегіне жетіп келеді. Енді онды өзгерістер болады деп кесіп айта аламын. Өйткені күні бүгін қызметкерлерден жиналған ұсыныстар бойынша жұмыс берушімен бірқатар келіссөздер жүріп жатыр. Дегенмен, арық сөйлеп семіз шық дейміз ме?! Қандай өзгерістер екенін уақыты келгенде жариялай жатармыз. Әзірше құпия қала тұрсын. Осы орайда барлық әріптестерімізді келесі ұжымдық шартта көргісі келетін мәселелер бойынша ұсыныстар беруге шақырамын. Шарт ұжымдық болған соң, оның жасакталуына да ұжым болып қатысқанымыз абзал, сонда тонымыз келте болмайды!

- Рақмет, Тарғын Нұралыұлы! Оқырман көкейіндегі сұрақтарға жауап бере алдық деп үміттенемін. Жақсы күндерде жолыққаннан!

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

БЕКТІЛЕУ ИШАН

РЕДАКЦИЯДАН: 31 мамыр – елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Сонау XX ғасырдың бас кезіндегі кеңестік кері саясаттың кесірінен бір емес, бірнеше рет алапат апшыққа ұшырап, қорасындағы малы мен қолындағы жанынан айырылып, тігерге тұяқ қалмай, сайын даладан сайғақ құрлы сая ташпай, сахарасын тастай қашып, шет мемлекеттерге ауа көшкен қазақ халқының қалған бөлігі, оның ішінде негізінен елдің маңайға ұстар мақтаншытары мен тұлга тұтар азаматтары жашпай репрессияға ілініп, қынадай қырылғаны тарихтан мәлім. Ресми деректерге сүйенсек, бірінен соң бірі жүйелі түрде жүргізілген қанды қасап қырғынның кесірінен сол бір зұлмат жылдары қазақ халқының 70 пайыздайы жер жастанып, елімізде 2 миллионнан саз-ақ астам адам қалған екен. Бұл – ешұақытта ешбір қазақ баласы ұмытуға тиісті емес, тарихи жадымызды ешқашан ескіртпей, әрқайсымыздың ұрпақтан ұрпаққа ұластырын айтып отыруға міндетті Ұлы Қасіретіміз.

Осынау Ұлттық Аза тұту күні қараңғыда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның қызметкері, әріптесіміз Бектілеуова Меңді Ілиясқызы редакциямызға өзінің жазықсыз жазаланып, репрессияға ұшыраған атасы, Маңғыстау маңайына мәшһүр Бектілеу ишан Санамасұлы туралы бұдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған материалды әкелген болатын. Мақалаға арқау болған Бектілеу ишанның тағдыры – тек ол кісі ғана емес, беркі Маңғыстау, қала берді, Қазақ Еліндегі қатігез мемлекеттік жазалау машинасының қанды тырнағына іліккен мыңдаған қандас бауырларымыздың, ата-бабаларымыздың қайғыға аяқталған құмбырайының. Сондықтан осындай арыстарымыздың аты-жөндерін кейінгі ұрпақтар біліп, тарихымызға тереңірек үңіліп жүрсін деген ниетпен сол мақаланы бір сөзін де өзгертпестен, қаз-қалпында оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Маңғыстау өлкесіндегі Бозашы түбегінің қас ортасында орналасқан «Қаратөбе», «Мәстек», «Имағанбет шымырауы», «Жаңасу», «Жаңабай шымырауы», «Қоңырорпа», «Жаңзақ», «Отыныш дөңгелек» атты сулар мен өріс жайылымдары, негізінен, жергілікті Жары руының Мұрат тармағынан тарайтын ауылдардың қоныстары болатын. Сол қоныстарда мыңдаған қой, жылқы, түйе айдаған Ысмайыл баласы Сатыбалды-Емберген, Илакажы, Өтегүл, Нұржігіт, Есенше, Шағатай, Имағанбет балалары сияқты ірі бай ауылдар қыс қыстап, жаз жайлап отыратын, қыстақтан да, жайлаудан да таршылдық көрмейтін-ді.

Ол жерлерде кеңес өкіметіне дейін көшіп жүріп мал баққаны болмаса, ел құрылыс салып, отырықшыланбаған болатын. Қыс айларында ғана жұрттарда киіз үйлермен қыстап шығатын. Халықтың негізгі күнкөріс тіршілігі тек қана мал бағатындықтан сол малдың қонысы үшін

жайылымына жайлы жер іздеп, көшіп-қонумен жүріп орнықты қоныс, тұрқты қоражайлар мен үйлер, бала оқытатын орындар сала алмаса да, жас ұрпақтың көзін ашып, көңілін оятауды – білім беру, сауаттандыруды ұмытпаған. Сол уақыттың өзінде тек осы айтылып отырған ауыл көлемінен шыққан Шаппақов Жәнібек – Адай уездік милициясының бастығы, Қадыров Қазихан – Ақтөбе облыстық прокуроры, ал Қадыров Қали және Қартбай деген тағы басқа сауатты, қазақша, орысша білім алған, жоғарғы қызметтерде істеген азаматтар баршылық еді.

Себебі, көшпелі ауылдарда да бала оқытатын молдалар болған. Иткелді арасында Есенияз, Түйте ахун, берекері келгесін Бектілеу ишан деген кісілер мешіт ашып, бала оқытатын. Оларға айғақ: сол мешіттерде оқыған балаларға хат тағына, білімін ұстай жүретін, жазда ауылын бірге көшіп жүретін, өз беттерімен үйренген дүмше молдалар көп еді. Мысалы: Абдол

(Есенияз баласы), Халиммолла, Көңілімқос, Ербол, Қазихан, Жақсыбай, Қармыс деген молдалар болған. Біздер солардан сауат ашып әптік бітіріп, олардан да үлкенірек (білімдірек) молда іздеп кететінбіз. Мен Тұшқұдықтағы Ерлан молдаға барып оқып, құран бітірдім. Ал Сейітмағанбетұлы Алдан Шейірге Бекмағанбет молдаға оқыды. Бізден бұрынырақ кездерде Ерболат Жабағылы Сазды жеріндегі Нұрнияз ахуна оқып бітірген көрінеді. Бірақ ол кісі діни жолдан гөрі, билікке әуестеніп кетіп, бері келген соң пірге қол беріп, Құдай жолына түсіп, отырып қалды. Ал, Құрым деген ауылымыз «қырық ахунға» оқығандар болатын. Біздердің Есенияздан кейінгі ұстазымыз Санамасұлы Бектілеу (сары ишан) болды. Ол Қоңырорпаға мешіт салып, қысы-жазы бала оқытты. Бұл адам орасан ұстамды, қылтын-сылтыны жоқ, тек құдайшылық жолға түскен (мал табу, пайда көрумен ісі жоқ) адал, адамгершілігінің молдығымен, яғни саналылығымен есімде қалыпты. Балаларды оқытқаннан басқаны ойламайтын, халыққа сыйлы кісі болатынды. Оны әйелдердің үлкен-кішісі жоқ «Сары ишан» деп, тіпті ер азаматтар да сыйлағанның негізінде «Сары-еке» деп атайтын. Ол атаудың өзі де жарасты, орынды болып көрінетін. Өмірде кездесетін сан салалы ақылдасуды қажет ететін қандай да бір жағдайда: "...Әуелі Сары ишаннан сұралық, дұрысы қайсысы болар екен?" деп отыратын ауылдағылар.

Мысалы, құрметті ақсақал, ел сыйлайтын әже, азаматтардың бірі, бай немесе ел басыларының бірі қайтыс болса, әуелі сол кісіні іздеп, тауып алып, жаназа шығартып, мүрдесін о дүниеге аттандырса марқұм туыстарының көңілі жайланып, өлі аруағы алдында өз борыштарын ақтағандай күй кешетін. Сол кісінін айтқан өсеті, оқыған құрны жиналған көпшіліктің көкейіне қонып тұратын.

«Сары ишан» нақышына келтіре құран оқи бастағанда жұбанбай жоқтау айтып, жылап отырған әйелдер еріксіз тып-тыныш сала қалатын. Бектілеу ишан өмірдің барлық боласында да «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, еліне риясыз қызмет етуге жаралғандай көрінетін. Ол кісіні ұстаз тұтатындардың кейбіреулерін



айтсам: Маңғыстауға белгілі Ембергеннің қызы Мақпалға 4-5 жылдықта Қызылтобеде уақыт болды.

...Қара түнек қиын мезгілде халқына ағартушылық қызмет еткен адал азаматтардың бірі Санамасұлы Бектілеу ишан 1937 жылы Ұлы зұлматта жазықсыз тұтқындалып, соңынан атылыпты. Бар жазығы - бала оқытқаны, сауаттылығы болса керек. Ишанның жұбайы Нақыш шешеміз кейінірек өз ажалынан қайтыс болды.

Қазір Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздік алып, жіберілген кешірілмейтін қателіктерді түзетіп, халқына дінін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ұстауға, қалпына келтіруге ерік беріп, жағдай жасап жағырғандығы болашақ ұрпаққа тағдырдың мұндай тәлкегін болдырмау шараларын істеуге шақырғанды. Солардың бірі – жазықсыз жазаға тартылып, марқұм болған ауылдастарымыздың ақталуына байланысты олардың адал еңбегін, елінің жауы емес, халқының салт-дәстүрін сақтауға, болашаққа қажетті ұрпақ өсіруге атсалысқандығын паш ету, құрмет көрсету, тірілердің парызы болмақ. Мен де ұстазым Бектілеу ишанның, басқа да аты аталған азаматтардың аруақтарына бағыштап, артында қалған ұрпақтары оларды мақтан тұтсын деген ниетпен осы бір көптен ойда жүрген борышымадай толғанысымды жеткізіп отырмын.

Осы бағыттағы ізгі істерді бастап жатқан Маңғыстау ауданының, Ақшымырау ауылдық кеңесінің басшыларына, Қызандағы ел азаматтарына ағалық алғыс айтып, айбырлы еңбек тілеймін.

«Өлі жезбемей – тірі баймақ» демей ме халқымыздың даналығы?!

(Республикалық тәуелсіз «Адай» газеті, 1992 жыл, тамыз (сүзбіл) айындағы №11 саны, 2-бет).

Ораза айт – ортақ мейрам

МҰНАЙШЫ ЖАСТАР АУЫЗШАР БЕРДІ

Рамазан айында шамасы келгендердің жыл сайын атқаратын сауабы мол шараларының бірі – ораза ұстаған жандардың ауызын аштыру. Бұл сауанды істен Компаниядағы жас мамандар Кеңесі де қалыс қалмай, әр жылы Рамазан айында жамағатты жинап, ауызшар беріп келеді. Міне, биыл да мұнайшы жастар облыстық Бекет Ата мешітінде ауызшар берді.



Ауызшар дастарханына жиналғандарға мешіттің найб имамы ата-бабалар рухына Құран бағыштап, жерімізге тыныштық, елімізге амандық, болашақ жастардың жүрегіне иман нұры ұялай беруін тілеп дұға қайырды, құран оқыды. Асыға тосқан қауым ауыз ашып, кең дастархандағы мол ас-судан татып, жадыран қалды.

Ауызшарға жиналған қауымға мұнайшы жастар атынан Еділ Бекмұратов «оразаларыңыз қабыл болсын» деген ізгі тілегін жеткізді. Ауызшар дастарханасы басымда мешіт имамы асыл дініміз - Исламның құндылықтары, қасиетті Рамазан айының хикметтері мен ораза ұстаудың жемісі ауызшар беру, ауыз аштырудың сауабы туралы кең көлемде уағыз айтты.

Оразаның қадір-қасиеті жайлы әңгімелеп, ораза ұстаған жамағатқа ауызшар беріп, сауапты іс атқарып отырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жанындағы жас мамандар Кеңесіне алғыс сезімін білдіріп, келешектегі келеді істеріне табыс тіледі.

Жиналған қауым мұнайшы жастардың жасаған сауапты ісіне ризашылықтарын білдіріп тарасты.

КӨПШІЛІККЕ - ҚҰРМЕТ

Облыстық Бекет Ата мешітінде Рамазан айының аяқталуы мен Ораза айттың басталуына орай айт намазы оқылды.

Орталық мешітке ниет етіп келгендердің саны 3000-нан асып жығылды. Мұсылман жамағаттың көптігі соншалықты, мешітке сыймағандар қіреберісетегі алаңда намаз оқыды. Адамзат баласын сыйластық пен бауырластыққа шақыратын ұлы мейрамға «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы екі үй тігіп, дастархан жайды. Облыстық мешіттің бас имамы Смайл Сейітбеков, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Руслан Сакиев, қала әкімі Ғалымжан



Ниязов бастаған азаматтар мұнайшылардың ақ дастарханына келіп, ел-жұрттың ортасынан орын алды.

- Барша мұсылманды аса құрметті мерекелердің бірі – Ораза Айт мейрамымен

құттықтаймын. Отыз күн тұтқан ораза ларыңыз, оқыған намаздарыңыз, тілеген тілектеріңіз қабыл болсын! Халқымыздың бірлігі мен ынтымағы артып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, егемендігіміз мәңгі баянды болғай! Әммин! - деп бас имам тілегін білдірді.

- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Ізмұханов тәзімділік пен сабыр сақтап, Рамазан айы оразамен өткізген жерлестерге ыстық ықыласын білдірді. Әр шаңыраққа жан жылумен ізгілік нұрын тіледі.

Сондай-ақ, мерекеде түрлі спорттық жарыс ұйымдастырылып, жемірмаздар құнды сыйлықтармен марапатталды.



ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН

«Әкем, анам және мен – спорттық жанұя». Осындай атаумен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мұнайшылар арасында спорттық сайыс ұйымдастырды. Оған Қаламқас, Жетібай кен орындарымен қатар орталық аппараттан және Компания қамқорлығындағы Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінен алты команда қатысып, сайыста бақтарын сынады.

Аталмыш шараға балалар мен ата-аналар зор қызығушылықпен қатысты. Алғаш болып сайыс шымылдығын ашқан Компания бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлегөжаев:

- «Жерде бала қуанса, көкте періште қуанады» деген сөз бар. Бұл өмірдің базары да, ажары да – біздің бүлдіршіндеріміз. Сондықтан барлық жылы сөз, ыстық тілек мына тұрған бүлдіршіндерге арнап айтылуы қажет. Біздің Компания әрқашан бүлдіршіндерді назардан тыс қалдырмайды. Өткен жылы компания Басқармасы мен Жас мамандар кеңесінің қолдауымен Жетібай, Мұнайшы ауылының аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың 20 бүлдіршініне сый-сияпат үлестірген еді. Міне, бүгін де осындай игі шара жалғасын тауып отыр. Қаламқас, Жетібай кен орындарында жұмыс жасайтын қызметкерлеріміз Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының 40 жылдығына



орайластырылған аталмыш шараға қатысып жатыр. Сәттілік тілейміз!» - деп, қатысушыларға лебізін білдірді.

Құрамда Кәсіподақ төрағасы Тарғын Мысамбаев, адам ресурстарын басқару департаменті директорының орынбасары Лаура Іңірбаева және компаниядағы спорт бапкері Самат Темірқасов бар әділқазылар алқасы танысырылып, сайыс ережелері түсіндірілді.

Сайыс бағдарламасы бойынша бірінші турда отбасылар таяқшаларды эстафеталық әдіспен бір-біріне беру, допты кедергілерге тигізбей жүгіру, секіртпелер арқылы жарысу, қашықпен секіру арқылы шымырлықтары мен шапшаңдықтарын ортаға салды. Солардың бірі Қаламақастың намысын қорғап жүрген


Қосбаевтар отбасы. Олар мықтылардың арасынан үздік болып танылып, бас жүлдені жеңіп алды:

- Балалар мерекесі құтты болсын! Сайыс тартысты әрі қызықты өтті. Бүгінгі жеңіс тек біздің отбасының ғана емес, биыл 40 жылдығын тойлайтын барша Қаламқастық әріптестеріміздің жеңісі! Осындай шара жиі ұйымдастырылып тұрса игі» - деді бірінші орын иегері, «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ инженер-энергетигі Ислам Қосбаев.

Екінші орын Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінен қатысқан Сақашовтар отбасына бұйырса, үшінші орында Қаламқас кен қатысқан екінші команда – Бисеновтар жанұясы еншіледі.

Компанияның ортаға қойған сыйлықтары да бағалы. Жұлдені орындар велосипед алса, сайысқа қатысып, белсенділік танытқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына келген Тастемірөвтер мен Жапарбаевтар, орталық аппараттан Илмуханбетөвтер отбасылары өздігінен сырғанап отырып, самokatтарға ие болды. Ата-аналарға алғыс хат пен гүл шоқтары, тәттілер тарту етілді. Сондай-ақ, Компаниядағы кәсіподақ төрағасы Тарғын Мысамбаев қатысушы барлық командаларға қаржылай сыйлық жасады.

Мерекелік шарада аниматорлар балалардың көңілін көтеріп, әр түрлі ойындар ұйымдастырылды, тәттілер таратылды. Мұнайшы әншілермен қатар өнер көрсеткен бүлдіршін Байкен Дидарұлы да әсем әнімен мерекеге өз үлесін қосты.



ҚЫЗАНДАҒЫ - ҚЫЗЫҚТЫ КҮН



Балаларға арналған мерекелік шара Маңғыстау ауданына қарасты Қызан елді мекенінде өз жалғасын тапты. Мұнайшылар Қызан спорт кешенінде ауылдықтармен кездесіп, орталыққа бір миллион жарымның спорттық құрал жабдықтарын тарту етті. Компания басшылығының мерекелік құттықтауын жеткізген әлеуметтік мәселелер бөлімі басшысының орынбасары Қымбат Иманқұлова мен «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ

ұйымы төрағасы Бердібек Қуатбай спорт мектебіндегі екі топқа футбол ойынының, бір



топқа волейбол ойынының киімдерін, түрлі тренажерлар, зілтемірлермен қоса бірнеше ойын доптарын сыйлады.



Қаламқас кен орнының футболшылары да бұл күні қалыс қалмай, балаларға футболдың қыр сырын үйретіп, Қызан ауылының ересектерден құралған футбол командасымен тартысты жолдастық ойын көрсетті.

Қызан ауылының да келген қонақтарына тартуы болды. Ауылдың өнерпаздары әнінен шашу шашып, бишілер өз өнерлерін көрсетіп, мұнайшылардың көңілін көтерді. Сондай-ақ, ауыл әкімі Қонай Сүлейменов компания ұжымына және басшылығына алғыс хаттар табыстаса, ауыл ақсақалдары жүрекжарды тілектермен ақ батасын берді.

<p>Мұнайлы Өлке Меншік иесі: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ф.Әбдісадық, Р.Анетова Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-461 212-462, 212-492 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<ul style="list-style-type: none"> Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды 	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индексі: 64265</p>	<p>«ATIS» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500</p>
--	--	--	---	---	---